

"Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормаларын, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы"
Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 358 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қармақшы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №249 шешімі

Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормаларын, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы"
Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 358 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7549 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2 және 3-тармақтар алынып тасталсын;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары мынадай болып айқындалсын:

1) жаппай жерлеу орындарына іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;
;

2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;

3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;

4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;

5) магистральдық теміржол желілеріне, магистральдық құбыржолдарға, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК